

**2021 жылдың шілде айындағы валюта нарығындағы ахуал –
қаржы нарығындағы «дельта-қауіп» туралы
Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары Әлия Молдабекованың
негізгі тезистері**

Әлемде кеңінен таралып кеткен дельта-штаммының прогрессивті қарқыны – жаһандық экономиканың келешегі бір ай бұрынғы жағдайға қарағанда оптимистік бағыттан алыс екен көрсетті. Әлемдік инфляция үдеп тұрған шағында пандемия мен АҚШ Федералдық резервінің риторикасы әлемдік қаржы нарықтарының негізгі қозғалтқышы болып қала береді.

Өткен айда әлемдік қаржы нарығының динамикасына әсер еткен оқиғалар туралы

Шілдеде дельта-штаммының таралу қарқыны мен әлемдік экономиканың қалпына келу қарқынына оның әсері туралы алаңдаушылық айтарлықтай күшейе түсті. Оңтүстік Шығыс Азияда (Индонезия, Филиппин, Малайзия), Австралияда, Ұлыбританияда Covid-19-дың жаңа жағдайларын тіркеудің рекордтық өсуі аясында жаңа карантин шектеулері енгізілді. Соның салдарынан экономикалық деректер дельта-штаммының өршу орталығына айналған Азия өңірлерінде іскерлік белсенділік қарқынының баяулай түсуінің алғашқы белгілерін көрсетеді: өндірістік саладағы PMI көрсеткіші өткен айда Индонезияда (53,5-тен 40,1-ге дейін), Таиландта (49,5-тен 48,7-ге дейін), Филиппинде (50,8-ден 50,4-ке дейін), Оңтүстік Кореяда (53,9-дан 53-ке дейін) төмендеді.

Вирустың жаңа мутациясының таралуына байланысты эпидемиологиялық ахуалдың нашарлауы инвесторлардың тәуекелге дайындығын төмендетіп, олардың тәуекел-сентиментіне қысым көрсетті. Бірінші кезекте, бұл дамушы нарықтар активтерінің серпініне теріс әсер етті: шілдеде АҚШ доллары бағамының дамушы елдердің валюталарына қатысты қалыпты жаһандық нығаюы байқалды. АҚШ долларының ЕМ валюталарына қарсы индексі шамамен 1%-ға нығайды.

Инвесторлардың дамушы нарықтарға қызығушылығының төмендеуі аясында ЕМ акциялары да қысымға ұшырады. Мәселен, шілде айының қорытындысы бойынша, дамыған елдер акцияларының индексі 1,72%-ға өссе, MSCI дамушы елдері акцияларының индексі 7,04%-ға төмендеді.

АҚШ ФРЖ риторикасы қазіргі уақытта қаржы нарықтары үшін екінші негізгі қозғаушы күш болып табылады. 28 шілдедегі соңғы отырыста Төраға Д.Пауэллдің түсініктемелерін инвесторлар қолдау бағдарламаларының жуық арада тоқтатылмауының және күшейтуді бастаудың белгісі ретінде қабылдады.

Сонымен қоса, 2021 жылдың 2-тоқсанында консенсустан төмен (+6,5% ток/ток) болған АҚШ ІЖӨ қарқыны туралы деректердің шығуы АҚШ ФРЖ басшысының экономиканы қолдау шараларын жалғастыру қажеттілігі жайындағы тезистерін жанама түрде растады.

Шілдедегі мұнай нарығындағы жағдай туралы

Мұнай нарығындағы ахуал әлемдік валюта нарығындағы ахуал сияқты шілдеде екіұшты және құбылмалы болды. ОПЕК+ елдерінің уағдаластықтары туралы және коронавирустың дельта штаммының таралу серпіні туралы жаңалықтар аясында мұнай бағасы біресе көтеріліп, біресе төмендеп отырды. Айдың қорытындысы бойынша мұнай бір баррель үшін 76,33 АҚШ долларына дейін 1,6%-ға өсті.

ОПЕК+ қатысушы елдерінің шілденің басында жоспарланған кездесуі қарама-қайшылықтарға байланысты нәтижесіз аяқталды. Елдер тек айдың ортасында ғана келісімге келе алды. Альянс мүшелері 18 шілдеде келісімге келіп, 2021 жылғы тамыздан бастап ай сайын өндіру көлемін тәулігіне 0,4 млн баррельге ұлғайту туралы шешім қабылдады.

Айдың аяғында инвесторлар АҚШ-тағы апта сайынғы мұнай қорының төмендеуі туралы деректерге байланысты отынға сұранысты едәуір қалпына келтіру мүмкіндігіне назар аударды, нәтижесінде бағалар бір баррель үшін 76 АҚШ долларынан астам деңгейіне дейін өсті.

Covid-19 дельта штаммының таралу қарқынының күшеюі биылғы жылғы тамыздың басынан бастап мұнай бағасын белгілеуге айтарлықтай теріс әсер етті: бағалар 8,4%-ға төмендеп, бір баррель үшін 69,9 АҚШ доллары деңгейіне жетті.

Өткен айдағы теңге бағамының динамикасы туралы

Шілдеде теңге бағамы мұнай бағасының өсуі және Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеттің базалық мөлшерлемені +/- 1,00 п.т. пайыздық дәлізімен жылдық 9,25% деңгейіне дейін 0,25%-ға көтеру туралы қабылдаған шешімі аясында 424,45 долларға дейін 0,7%-ға қалыпты түрде нығайды. Мөлшерлеменің көтерілуі ішкі валюта нарығында теңгерімді ұстап тұруға және сыртқы инвесторлар үшін теңгелік активтердің тартымдылығын сақтауға ықпал ететін қосымша фактор болып табылады.

Шілдеде валюта биржасында теңге-доллар жұбымен сауда-саттық көлемінің маусымдағы 3,16 млрд АҚШ долларымен салыстырғанда 3,09 млрд АҚШ долларына дейін біршама төмендеуіне қарамастан, сауда-саттықтың орташа күндік көлемі биылғы жылдың басынан бастап орташа деңгейден едәуір жоғары деңгейде: қаңтар-маусым аралығындағы кезеңде 129 млн АҚШ долларымен салыстырғанда 155 млн АҚШ доллары деңгейінде сақталуда. Бұл шетел валютасына жеткілікті жоғары сұраныстың сақталуын көрсетеді.

Алдыңғы сұхбаттарда атап өткенімдей, шетел валютасына сұраныс экономикалық белсенділіктің тұрақты қалпына келуіне және импорттың, ең алдымен, тұтынушылық тауарлардың өсуіне байланысты. Мәселен, биылғы жылғы бірінші жартыжылдықта тауарлар импорты 9,2%-ға өсіп, 17,5 млрд АҚШ долларына жетті. Тұтынушылық тауарлар импорты 27%-ға немесе 1,2 млрд АҚШ долларына, оның ішінде азық-түлікке жатпайтын тауарлар импорты 36,0%-ға немесе 1,1 млрд АҚШ долларына өсті.

Бұдан басқа, жазғы каникул мен демалыс маусымына байланысты жеке тұлғалар тарапынан маусымдық сұраныс факторы байқалады. Соңғы қолжетімді деректерге сәйкес айырбастау пункттерінде қолма-қол шетел валютасын сатып алу мамырдағы 368 млн АҚШ долларынан маусымда 555 млн АҚШ долларына дейін өсті.

Дегенмен, валюта нарығында теңгерімсіздік байқалған жоқ. Ұлттық Банк валюталық интервенцияларды жүзеге асырмады. Бюджетке трансферттерді жүзеге асыру үшін Ұлттық қор қаражатын конвертациялау көлемі 1,1 млрд АҚШ долларын, ал квазимемлекеттік сектор тарапынан валютаны сату 479 млн АҚШ долларын құрады.

Шетелдік инвесторлардың Қазақстанның МБҚ-дағы портфельдік инвестицияларының көлемі шілдеде 791 млрд теңгеден 822 млрд теңгеге дейін өсті, бұл бейрезиденттердің теңгедегі активтерге қызығушылығының сақталғанын көрсетеді.

Тамыздың басынан бастап дельта штаммның таралуы мен мұнай бағасының төмендеуі аясында теңге бір доллар үшін 425,53 теңге деңгейіне дейін 0,3%-ға әлсіреді.

ҚР ҰБ алтын-валюта резервтерінің шілдедегі динамикасы туралы

Алдын ала деректер бойынша алтынвалютта резервтері бір айда 76 млн АҚШ долларына шамалы азайып, биылғы жылғы 30 шілдеде 35,0 млрд АҚШ долларын құрады.

Резервтердің төмендеуі еркін айырбасталатын валютадағы активтердің қысқаруы есебінен орын алды. Клиенттердің кете бастауына және 126 млн АҚШ долларына мемлекеттік қарызды төлеуге байланысты Ұлттық Банктегі ЕДБ қаражатының 655 млн АҚШ долларына азаюы қысқарудың негізгі себептеріне айналды.

Екінші жағынан, алтын портфелінің өсуі ЕАВ-дағы активтердің төмендеуін толықтай теңестіруге мүмкіндік берді. Әлемдегі коронавируспен күрестегі күрделі жағдай және әлемдік экономиканың белгісіз даму перспективалары аясында алтынның бағасы шілдеде бір унция үшін 1 828 АҚШ долларына дейін 4%-ға өсті, ал Ұлттық Банктің алтынвалютта активтерінің құрамындағы алтын портфелі 959 млн АҚШ долларына өсті.

Ұлттық қордағы валюта активтерінің көлеміне әсер еткен факторлар туралы

Шұғыл деректер бойынша шілденің соңында Ұлттық қордың валюталық активтері бір айда 450 млн АҚШ долларына азайып, 56,9 млрд АҚШ долларын құрады.

Өткен айда Ұлттық қордың валюталық активтерінің төмендеуі көбінесе республикалық бюджетке жалпы сомасы шамамен 477 млрд теңге көлемінде кепілдік берілген және нысаналы трансферт бөлуге байланысты болды.

Бұл ретте қорға түскен түсімдер шілдеде 40 млрд теңге болды, оның ішінде шетел валютасындағы түсімдер 65 млн АҚШ долларын құрады.

Өткен айда әлемдік нарықтардың қолайлы конъюнктурасы байқалды. Мысалы, облигациялардың, акциялардың және алтын бағасының өсуі аясында шілдеде Ұлттық қордың инвестициялық кірісі 590 млн АҚШ долларын құрады.

Жыл басынан бері Ұлттық қордың инвестициялық кірісі шамамен 2 млрд АҚШ доллары немесе 3,5% болды. Акциялар нарығының өсуі оң инвестициялық кірістің негізгі қозғаушы күшіне айналды. Ұлттық Банк Ұлттық қорды басқару тиімділігін арттыру және ең көп кірісі бар активтер сыныптарының үлесін арттыру стратегиясы шеңберінде акциялардың үлесін ұлғайтты. Акциялармен қатар дамушы нарықтардағы корпоративтік облигациялар мен еурооблигациялардың үлесі артты.

Жақын арада ұлттық валютаға әсер етуі мүмкін факторларға болжам және сол болжамға дельта-штаммының әсері туралы

Коронавирустың дельта штаммының таралуы негізгі тәуекел факторы болып табылады және экономикалық өсу қарқыны бойынша болжамдарды қайта бағалауға әкелуі мүмкін. Қазірдің өзінде біз коронавирустың «дельта толқыны» аясында қаржы нарықтарының түзетілуін байқап отырмыз.

Бірінші кезекте, бұл дамушы нарықтарға қатысты. Биылғы жылғы 27 шілдеде ХВҚ әлемдік ІЖӨ болжамын қайта қарап, оны 2021 жылы 6% деңгейінде сақтап қалды. Бірақ осы қайта қарау шеңберінде дамыған елдерде өсу 5,6%-ға дейін 0,5 п.т. артып, дамушы елдер бойынша болжам 6,3%-ға дейін 0,4 п.т. төмендеді.

Бұрынғыдай, теңге көмірсутектер нарығының және дамушы елдердің активтеріне қатысты жалпы сентименттің ықпалында болады.

Мұнай нарығы биылғы жылғы сәуірден шілдеге дейінгі баға белгілеулердің 20%-ға жуық өсуінен кейін турбуленттілікті бастан кешуде. АҚШ-тағы коммерциялық мұнай қорының 2020 жылғы қаңтардағы деңгейге дейін төмендеуіне қарамастан, дельта штаммының таралуы мұнайдың бұдан былайғы өсуіне кедергі келтіруде.

Басқа валюталарға қатысты теңге бойынша мөлшерлемелердің оң дифференциалы ішкі валюта нарығы үшін теңгерімдеуші фактор болып табылады. Ұлттық Банктің жуырдағы базалық мөлшерлемені арттыру туралы шешімі халықаралық инвесторлар үшін теңгедегі активтердің тартымдылығын қолдайды, олардың әкелінуі жыл басынан бері 392 млрд теңгені құрады.

Бұдан басқа, Ұлттық Банк пен Қаржы министрлігінің кірістілік қисығын құру және қазақстандық МБҚ нарығының өтімділігін арттыру бойынша бірлескен жұмысы нәтижесінде JP Morgan индекстерін басқару тобы біздің МБҚ-ны дамушы нарықтар облигацияларының жаһандық индексіне әлеуетті түрде қосу үшін Қазақстанның борыш нарығы «радар астындағы тізімге» қосылғанын хабарлады. Теңгенің және ұлттық валютадағы активтердің жаһандануы бойынша жұмыс жалғаса түспек.

Биылғы жылғы 11 тамызда Moody's халықаралық рейтингтік агенттігінің Қазақстанның тәуелсіз кредиттік рейтингін «Вaa3» деңгейінен тұрақты болжаммен «Вaa2» деңгейіне дейін арттыруы ішкі валюта нарығы үшін маңызды оң оқиға болып табылады. Moody's рейтингісін көтеру факторларының бірі Ұлттық Банктің инфляциялық таргеттеу және елдің макроэкономикалық және сыртқы орнықтылығына қолдау көрсететін құбылмалы айырбас бағамы режимі жөніндегі саясатын атап көрсетеді.